

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 927 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жарты жылдықтың қорытындысы бойынша 20 қаңтардан және 20 шілдеден кешіктірмей Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жарты жылдықтың қорытындысы бойынша 1 ақпаннан және 1 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарының әкімдеріне әзірленетін өңірлік бағдарламаларда "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы қолданылатын аумақтарды дамыту жөніндегі кешенді шараларды және тетіктерді көздеу ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Есімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 0 қ ы р к ү й е к т е г і

N 9 2 7 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**БҰРЫНҒЫ СЕМЕЙ ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ
ПРОБЛЕМАЛАРЫН КЕШЕНДІ ШЕШУ ЖӨНІНДЕГІ 2005-2007 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА**

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарлама
Әзірлеу үшін негіздеме	"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы ; "Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының және Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 182-ө өкімінің 2-тармағы; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 20-58/Ұжым-792,1 тапсырмасы ; Семей өңірінің проблемалары жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2002 жылғы 14 мамырдағы хаттамалық шешімі; Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның 2003 жылғы 13 наурыздағы N 24-2/005-528-1 хаттамалық шешімі; Бұрын КСРО әскери ведомстволарының мүддесіне пайдаланылған бұрынғы әскери сынақ полигондарының жерлерін оңалту және пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының 2004 жылғы 20 ақпандағы хаттамалық шешімі; Өңірлік саясат мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2005 жылғы 18 мамырдағы N 11-9/005-920 хаттамалық шешімі.
Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

Мақсаты	Өңір халқының тұрмыс-тіршілігінің сапалық деңгейіне әсер ететін экологиялық, экономикалық және медициналық-әлеуметтік факторларды жақсарту
Міндеттері	Халықты медициналық оңалту және өңірдегі ауруға шалдығу деңгейін азайту; радиоактивтік зақымдануға ұшыраған аумақтарды радиологиялық бағалау және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау; әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту; бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының ғылыми-техникалық әлеуетін әртараптандыру
Қаржыландыру көздері	Бағдарламаны іске асыру 4945,2 млн. теңге, оның ішінде 2005 жылы 1634,3 млн. теңге, 2006 жылы 2517,97 млн. теңге, 2007 жылы 792,9 млн. теңге мөлшерінде республикалық бюджет қаражатынан қаржыландыруды талап етеді
Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер	Бағдарламаны іске асыру және онда көзделген барлық шараларды қабылдау өңірдегі ауруға шалдығу деңгейін азайтуға, бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының жекелеген учаскелеріндегі радиациялық ахуалды жақсартуға жәрдемдеседі
Іске асыру мерзімі	2005-2007 жылдар

2. Кіріспе

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарлама мүдделі мемлекеттік органдардың, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстары әкімдіктерінің және "Бұрынғы Семей ядролық полигонының және Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 182-өкiмiмен құрылған ведомствоаралық жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстары негізінде ә з і р л е н д і .

Республиканың экологиялық қауіпсіздігі проблемасы бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының (бұдан әрі - ССП) аумағындағы радиациялық ахуалмен тікелей б а й л а н ы с т ы .

Қазіргі уақытта радиоактивтік зақымдануға ұшыраған аумақтардың шекаралары аяғына дейін анықталмаған және бекітілмеген.

ССП маңындағы аумақтарда халықтың ауруға шалдығуының жоғары екендігі байқалады.

Ядролық сынақ жүргізу инфрақұрылымын жою жөніндегі жұмыстардың, халықаралық бағдарламалар мен жобалар шеңберінде зерттеулердің орындалуы барысында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 наурыздағы N 235 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту" атты республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыру кезінде алынған нәтижелер өңірдің радиоэкологиясының проблемаларымен қатар тұтастай бірқатар жаңа проблемаларды анықтады. Бұл проблемалар, ең алдымен ядролық әрі радиациялық қауіпті объектілердің қауіпсіздік және таратпау режимі мәселелерімен байланысты.

ССП аумағында шаруашылық қызмет реттелмеген. Жеке және заңды тұлғалардың санкцияланбаған қызметі және осыған байланысты радиоактивтіліктің қайталама көшу мүмкіндігі пайда болуы байқалуда.

ССП проблемаларын шешу қажеттігін халықаралық қоғамдастық мойындады. БҰҰ Бас Ассамблеясы жағдайдың маңыздылығын мойындап, өңірге көмек көрсету мәселесі бойынша үш резолюция қабылдады:

1997 жылғы 19 желтоқсандағы N A/RES/52/169/M "Қазақстанның Семей өңірінің халқы мен экологиясын оңалту және оны экономикалық дамыту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық пен қызметті үйлестіру";

1998 жылғы 19 қарашадағы N A/RES/53/1H "Қазақстандағы Семей өңірі халқының денсаулығы мен табиғи ортасын оңалту және экономикалық дамыту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық пен қызметті үйлестіру";

2000 жылғы 27 қарашадағы N A/RES/55/44 "Қазақстанның Семей өңірінің халқы мен экологиясын оңалту және оны экономикалық дамыту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық және жұмысты үйлестіру".

Халықаралық көмектің жекелеген мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламалар шеңберінде қабылданып жатқан шараларына қарамастан, өңірдің проблемаларын шешу жөніндегі тұтас ұстаным жоқ.

Экология су ресурстарының жай-күйін, халық денсаулығын зерделеу жөніндегі жүйелі жұмыс жоқ.

Бұрын жүргізілген зерттеулер мәні бойынша фрагменттік сипатта болады. Осының барлығы бар проблемаларды кешенді шешуді көздейтін бірыңғай бағдарламалық құжат әзірлеуге қажеттілік туғызды, бұл өңірдің жүйелік мониторингін жүргізуге және алынған нәтижелер негізінде барабар басқару шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Параграф 1. Жалпы сипаттамасы

Семей ядролық сынақ полигоны Қазақстанның үш: Павлодар, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының қиылысында орналасқан және жалпы 18 мың шаршы км. аланды қамтиды. ССП жұмыс істеген уақытта (1949-1989 жылдар) оның аумағында 466 ядролық сынақ, оның ішінде: 30 жер үсті, 88 әуе және 348 жер асты ядролық жарылыстары жүргізілді, бұл ретте 13 жарылыс радиоактивті газдың атмосфераға шығарылуына алып келді. Сарапшылардың түрлі бағалаулары бойынша шамамен 1,2 миллион тұрғын радиациялық сәулеленудің әсеріне ұшырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 29 тамыздағы N 409 Жарлығымен Семей ядролық сынақ полигоны жабылды.

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтар белгіленді. Оларға бұрынғы Семей облысының аумақтары, Глубокое, Шемонаиха, Ұлан, Зайсан, Зырян, Тарбағатай аудандары, Өскемен, Риддер қалалары, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысының бұрынғы Таврия, Самар, Серебрянск аудандарының шекарасы шегіндегі елді мекендер, Павлодар облысының Баянауыл, Май, Лебяжі аудандары, Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы, осы облыстың бұрынғы Егіндібұлақ ауданының елді мекендерін қоса алғанда (бұдан әрі - Семей өңірі) жатқызылды.

Көрсетілген аумақтарды жіктеген кезде бұрынғы Семей облысының Абай ауданындағы Сарыжал ауылдық кеңесінің, Бесқарағай ауданындағы Долон және Бөденелі ауылдық кеңестерінің, бұрынғы Жаңасемей ауданындағы Сарыапан және Иса елді мекендерінің шекарасы шегіндегі елді мекендер төтенше радиациялық қауіпті аймаққа жатқызылды.

Ең жоғары радиациялық қауіпті аймаққа бұрынғы Семей облысының Абай, Бесқарағай аудандарының елді мекендері, сондай-ақ бұрынғы Абыралы және Жаңасемей аудандарының, Павлодар облысының Май ауданындағы Ақжар және Малдар ауылдық кеңестерінің шекаралары шегіндегі елді мекендер жатқызылды.

Полигонды жапқаннан кейін басталған ядролық сынақтардың салдарларын жою жөніндегі жұмыс ядролық қаруды сынау инфрақұрылымын жоюды, әскери-өнеркәсіп кешенінің объектілерін конверсиялауды, табиғи ортаның радиоактивті ластануының ауқымы мен дәрежесін объективті бағалауды, сондай-ақ ядролық сынақ салдарларының халық денсаулығына әсер етуін болдырмайтын шараларды әзірлеуді және іске асыруды қамтиды.

Параграф 2. Халық денсаулығының жай-күйі

ССП-ға жататын аумақтарда тұратын халықтың мақсатты бағытталған медициналық сауықтыру бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында 1949-1990 жылдары сынаулар салдарынан зардап шеккен халықты медициналық оңалту бағдарламасы Қазақстан республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 17 наурыздағы N 336 қаулысымен бекітілгеннен кейін басталды.

Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты жүргізетін ғылыми зерттеулер радиациялық ахуал мен сәулелену дозаларының өлшемдері туралы деректер алуға, сынақ салдарынан халықтың денсаулығын бағалауға мүмкіндік берді.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен радиациялық медицина және экология ҒЗИ 2003 жылы 45 млн. теңге сомасында Семей өңірінің 1300 тұрғынына жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетті. Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің республикалық госпиталі 127 млн. теңге сомасына ядролық сынақтар салдарынан 3000-ға жуық зардап шеккендерге жоғары білікті медициналық көмек көрсетті.

Семей өңірінің халқына медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі мәселелерді шешуге халықаралық ұйымдар да көмек көрсетуде.

Жапония Үкіметі медициналық жабдықтар жеткізуді және бірқатар онкологиялық ауруларды алдын ала диагностикалаудың жаңа технологияларын енгізуді қорытындылайтын жобаны іске асырды. Осы жобаны техникалық қолдау арқасында 2002-2003 жылдар ішінде Шығыс Қазақстан облысының Абай және Бесқарағай аудандарында тұратын тұрғындарға тексеру жүргізілді.

2001 жылдан бастап Қазақстан халқы үшін радиациялық және химиялық ластанудың генетикалық салдарларын бағалау жөніндегі ТАСИС жобасы іске асырылуда.

Сонымен бірге, жоғарыда көрсетілген "Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонында сынақтар салдарынан зардап шеккен халықты медициналық оңалту бағдарламасымен" көзделген іс-шаралар олардың тиімділігіне әсер ететін шектелген сипатқа бар.

2002-2003 жылдары Шығыс Қазақстан облысындағы халықтың ауруға шалдығуы осы уақыт кезеңіндегі республикалық көрсеткіштерден 1,25 есе артты. Осылайша 2002 және 2003 жылдары ауруға шалдығу өңір бойынша 100 мың халыққа шаққанда көрсетілген жылдары тиісінше 57517,8 және 56413,9 республикалық көрсеткіштерге қарағанда тиісінше 71825,7 және 69638,0 құрады.

Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарында балалардың ауруға шалдығуы 2002-2003 жылдары республикалық көрсеткіштерден 1,21-1,25 есеге артты және 100 мың балаға шаққанда Шығыс Қазақстан облысы бойынша - 107584,5 және 120479,2, Қарағанды облысы бойынша - 90235,1 және 103846,5, Павлодар облысы

бойынша - 86602,2 және 103440,2, көрсетілген жылдарда республикалық көрсеткіштерге қарағанда тиісінше 78315,2 және 87619,3 құрады.

Өңір халқының Республика бойынша онкологиялық ауруға шалдығуы ең жоғары және 2002-2003 жылдары 100 мың тұрғынға шаққанда Шығыс Қазақстан облысы бойынша - 1143,6 және 1121,0, Қарағанды облысы бойынша - 688,7 және 635,2, Павлодар облысы бойынша - 476,8 және 506,2 құрады, көрсетілген жылдардағы республикалық көрсеткіштерге қарағанда тиісінше 523,0 және 519,2 құрады.

Осы облыстарда жалпы өлім жоғары болып қалуда және 100 мың тұрғынға шаққанда 2002-2003 жылдары Шығыс Қазақстан облысы бойынша 1229,8 және 1276,4 (оның ішінде онкологиялық ауруға шалдығу - тиісінше 185,7 және 190,0), Қарағанды облысы бойынша - 1237,1 және 1299,3 (158,9 және 152,8), Павлодар облысы бойынша - 1095,4 және 1152,7 (154,4 және 162,5) құрады.

Бұл ретте, республика бойынша 2002-2003 жылдары өлім көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда тиісінше 1005,3 және 1041,5, оның ішінде онкологиялық аурулардан - 128,7 және 126,6 құрады.

Осыған байланысты ССП-ға жатқызылған аумақтарда тұратын халық денсаулығының жай-күйіне кешенді талдауды дайындаудың және оны сауықтыру бойынша қосымша шараларды іске асырудың қажеттілігі пайда болады.

Параграф 3. Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағындағы радиациялық ахуал

1993 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Континентаралық баллистикалық зымырандарды шахталық іске қосу қондырғыларын жоюға, авариялық жағдайлардың зардаптарын жоюға және ядролық қарудың таралуын болдырмауға қатысты келісімді орындау үшін ядролық сынақтарды өткізу инфрақұрылымын жою жөніндегі жұмыстар орындалды.

Жер асты сынақтарын өткізуге арналған объектілер - Дегелең тау алқабының 181 штольнясы, 13 пайдаланылмаған ұңғыма және Балапан алаңындағы 12 шахталық іске қосу қондырғысы ядролық қаруды сынау үшін оларды қолдануға мүмкіндік бермейтін жағдайға келтірілген (порталдарды жабу, объектілерді жою).

Ресей Федерациясы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы 1997 жылғы 28 наурыздағы келісімге сәйкес ССП-ның "сезімтал" ақпарат тасығыштары объектілерін және кейбір сынақ алаңдарында орналасқан қару-жарақ қызметінің қалдықтарын консервациялау жөніндегі жұмыстардың бір бөлігі орындалды.

2004 жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының шекарасын нақтылау және келісу жөніндегі жұмыстар басталды.

Сонымен қатар 1990 жылдардың басынан бері МАГАТЭ-ны қоса алғанда, бірқатар халықаралық ұйымдар, полигонға және оның маңындағы аумақтарға бағалау жүргізді,

бірақ осы күнге дейін олардың жан-жақты радиологиялық бағалауы өткізілген жоқ.

Полигонның шекаралары соңына дейін анықталмаған және бекітілмеген.

ССП-ның барлық аумағының алаңымен салыстырғанда зерттелген алаң өте аз.

Қазіргі уақытта алаңдық зерттеуде - 25 %, жергілікті (локальді) зерттеуде 90 % дұрыстығымен полигон аумағының 40 % жуығы зерттелген.

Шектелген қаржыландыруға байланысты алаңдық зерттеулер шағын ауқымды кесте бойынша жүргізіледі. Жоғары радиациялық учаскелер аясы табылғанда ірі ауқымды кесте бойынша жергілікті зерттеу жүзеге асырылады.

Соңғы жылдары ССП аумағында жүргізілген радиоэкологиялық зерттеулер нәтижелері ядролық материалдармен ластануды қоса алғанда едәуір радиоактивті ластану учаскелерін анықтады. Бірінші кезекте бұл ластанулар сынақ алаңдарымен және ядролық жарылыс бұлттарының іздерімен байланысты.

ССП-ның маңызды проблемасы кейіннен өз кезегінде су көздерін ластауға әкеліп соғуы мүмкін топырақтың радионуклидтермен ластануы болып табылады.

Бұрын радиациялық жағынан (ССП солтүстік және батыс бөліктері) қолайлы болып саналған аумақтарда әскери радиоактивті заттарды сынақтан өткізу орны ретінде сәйкестендірілген учаскелер табылды. Зымыран отынының құрамдастарымен ластанған орындар бар. Көлемі аз жергілікті сипатта және мамандардың пікірі бойынша санкцияланбаған қызметтің нәтижелеріне байланысты елеулі радиоактивті ластанған учаскелер анықталуда. Әдетте бұл қара және түсті металдар сынықтарын іздеу.

Бұдан басқа ССП аумағында Қазақстанда бар төрт ядролық зерттеу реакторларының үшеуі осы аумақта орналасқан. Олар Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының екі эксперименттік кешенінде (алаңдарында) орналасқан, оның біреуінде республикалық маңызы бар иондаушы сәулеленудің пайдаланылған ампулды көздерін ұзақ мерзімді сақтау пункті де орналасқан.

Қазіргі уақытта "Байкал" кешенінде орналасқан қойма Қазақстан Республикасының барлық аумағынан иондаушы сәулеленудің 20 мыңнан астам ампулдық көздерін қамтиды. Осы жерде тоқтатылған БН-350 реакторынан шығарылатын пайдаланылған ядролық отынды да орналастыру жоспарлануда.

Мұның бәрі бұрын ядролық қару сынауды жүргізу инфрақұрылымына кірген және оларды жою жұмыстарын жүргізу барысында жойылған (консервацияланған) объектілердің де полигонның тұтастай аумағында қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін өзекті ете түседі.

Бұрынғы полигонның қауіпсіздігі проблемасы бұрынғы полигон аумағында санкцияланбаған қызмет жүргізумен тікелей байланысты және осының салдарынан радиоактивтіліктің қайталама көшу мүмкіндігі пайда болады.

Мұндай қызметті анықтау және оның жолын кесу мақсатында "Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнында патруль жасайтын ұтқыр топтардан тұратын Шаруашылық қызметінің мониторингі

қ ы з м е т і

қ ұ р ы л а д ы .

Алайда, жеке тұлғалар тарапынан қара және түсті металдар сынығын айырып алу мақсатында бұрын жабылған штольняларға кіру әрекеттерін толық болдырмау әлі қамтамасыз етілмей келеді. 2002 жылдың соңындағы жағдай бойынша жабылған 181 штольняның 109-на кіру әрекеттері болған. Бұл ретте, ядролық қару-жарақ қызметінің қалдықтарын айырып алу мақсатында штольняға кіру мүмкіндіктері жоқ деуге б о л м а й д ы .

ССП аумағында шаруашылық қызмет жүргізу Қазақстан Республикасының Жер Кодексімен , " Атом энергиясын пайдалану туралы ", " Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы ", " Лицензиялау туралы ", " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы " Қазақстан Республикасының заңдарымен "Атом энергиясын пайдалануға байланысты қызметте лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 100 қаулысымен регламенттеледі.

ССП-да жұмыстар жүргізген кезде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мемлекеттік қадағалау функциялары ССП-дағы шаруашылық қызметтің кез келген түрімен атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет ретінде лицензиялауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитетіне жүктелген.

Алайда, қазіргі уақытта ССП аумағында өз қызметін атқаратын 17 заңды тұлғадан, тек 3 кәсіпорында Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитетінің лицензиясы бар. Мұның негізгі себебі бұрынғы полигон шекарасының абсолютті ашықтығы болып табылады.

Мұның барлығы ядролық және радиациялық қауіпті объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тұрақты мониторингін ұйымдастыру қажеттілігін туындатады.

Ядролық сынақтар, жоғарыда аталған проблемалардан басқа радиофобия проблемасын да тудырды. Осыған байланысты жұртшылықты ССП-да болып жатқан құбылыстардың мәні туралы кеңінен ақпараттандыруды ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Бұдан басқа, ССП аумағында шаруашылық қызметті жүргізуді регламенттейтін проблемаларды және нормативтік құқықтық базаны білу заңды және жеке тұлғалардың радиациялық және экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтауына жәрдем етеді.

Параграф 4. Әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі

Соңғы жылдары ССП маңындағы аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту жөнінде бірқатар шаралар қабылданды.

2000-2003 жылдар аралығында ССП өңірінде республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен жалпы құны 991,7 млн. теңгеге 9 мектеп, 2 мектеп жанындағы интернат, спорт кешені және 5 ауыз сумен жабдықтау объектісі тұрғызылды.

Ауылдық жерде ауруларды скринингтеу бойынша іс-шаралар өткізу үшін Семей қаласындағы радиациялық медицина және экология ҒЗИ жанынан консультативтік-диагностикалық емхана ашылды.

Қатерлі, әсіресе сүт безі рагіне ауруларына шалдыққан науқастардың көбеюіне байланысты Семей қаласында онкологиялық диспансер жанынан 2003 жылы маммологиялық орталығы салынды.

2004 жылы осы аумақта республикалық қаражат есебінен екі мектептің, үш денсаулық сақтау объектісінің құрылысы, оның ішінде Семей қаласында радиологиялық орталықтың құрылысы басталды. Бұл мақсаттарға республикалық бюджетте 649,2 млн. теңге көзделген.

Облыстағы ірі емдеу орталығы болып табылатын Шығыс-Қазақстан облыстық халықты оңалту орталығы - Семей мемлекеттік медициналық академиясының клиникалық оқу орталығы жұмыс істейді. Оның Қазақстандағы басқа орталықтармен, сондай-ақ АҚШ және Жапониямен диагностика мәселесі бойынша әріптестік қатынастары бар. Орталық көмекші бөлімшелермен және тәжірибелі кадрлармен жергілікті көлемде қамтамасыз етілген.

Сонымен бірге, өңірде сәулемен емдеу әдістерін, онкологиялық науқастарды сәулемен емдеудің бірлескен әдістерін, диагностикалаудың, дозиметриялаудың радиоизотоптық әдістерін бірлесіп жүргізу үшін қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен жарақтандырылған мамандандырылған медициналық ұйымдар жеткіліксіз екендігі аталып өтіледі.

Қолданыстағы денсаулық сақтау объектілері негізінен қазіргі санитарлық талаптарға сай емес лайықталған үй-жайларда орналасқан және қажетті жабдықтармен жеткілікті жарақтандырылмаған.

ССП маңындағы аумақтарда халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге байланысты проблема тұр.

Шығыс-Қазақстан облысында халық орташа 70,2% құбыр суымен, 27,8% - орталықсыздандырылған көздердің суымен, 0,5% - тасымалдау суымен, 1,5% - ашық су тоғандарының суымен қамтамасыз етілуде, ал ауылдық жерлерде 2004 жылдың бірінші жарты жылындағы мәліметтер бойынша халықтың тек 19,4 % ғана құбыр суын пайдаланады.

Жүргізілген тексерулер ағымдағы жылы Шығыс-Қазақстан облысы бойынша 56 су құбырларының құрылысы зарарсыздандырғыш қондырғылардың, санитарлық қорғау құрылғылары алаңдарының болмауынан және жоспарлы алдын алу жұмыстарының уақтылы жүргізілмеуінен санитарлық талаптарға жауап бермейтінін көрсетті, осыған байланысты радионуклидтердің ауыз суға түсу қатері пайда болады.

Осыған байланысты қазіргі уақытта өңірді ауыз сумен жабдықтауды жақсарту жөнінде қосымша шаралар қабылдануда. Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, "Ауыз су" бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2004

жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен 16 елді мекенді 1133,36 млн. теңге сомада сумен жабдықтау жөніндегі жобалар іске асырылуда.

Параграф 5. Өңір халқын әлеуметтік қорғау

Семей ядролық сынақ полигоны маңындағы аумақтарда тұратын халықты әлеуметтік қолдау "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес жүзеге асырылады. Бұл Заңда ядролық сынақтардың әсер етуінен зардап шеккен азаматтардың мәртебесі мен аумақтардың жіктелуі белгіленген, өтемақылар, жеңілдіктер мен басқа іс-шаралардың тізбесі айқындалған, ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға бір жолғы ақшалай өтемақы (бұдан әрі - **Ө те ма қ ы**) **т ө л е у** **к ө з д е л г е н .**

Жыл сайын республикалық бюджетте зейнеткер жасына толған және Заңға сәйкес оны алуға бірінші кезекті құқығы бар адамдарға өтемақыны төлеу үшін қаражат көзделеді. 2004 жылы бұл мақсаттарға 197,1 млн. теңге көзделген.

Төтенше және ең жоғары радиациялық қауіпті аймақтарда тұратын және 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан азаматтарға зейнетақыларына үстемеақы **т ө л е н е д і .**

Зейнетақыға қосылатын экологиялық үстемеақылар бойынша 1995-1997 жылдары пайда болған кредиторлық берешектің едәуір бөлігі өтелген. Азаматтардың зейнетақысына қосылатын экологиялық үстемеақы бойынша берешекті төлеу үшін 2004 жылы республикалық бюджетте 652,0 млн.теңге көзделді.

Бір жолғы ақшалай өтемақыны алуға құқығы бар азаматтардың қалған санаттарын тіркеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте өтемақыға құқығы бар азаматтарды тіркеу және есепке алу жөніндегі жұмысты үйлестіруді әкімдіктер жанынан құрылатын арнайы комиссиялар **ж ү з е г е** **а с ы р а д ы .**

Сонымен қатар, жұмыс істейтін азаматтарға бір жолғы ақшалай өтемақыны төлеу туралы нақты өзекті база жоқ, осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес өтемақы алушылардың дерекқорын түгендеу жұмысы жалғасып **ж а т ы р .**

Заңға сәйкес жұмыс істейтін халық, олар тұратын аумақтарды жіктеуге сәйкес қосымша еңбекақы мен қосымша еңбек демалысына құқығы бар.

Сонымен қатар, "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңының нормасына сәйкес қызметкердің жалақысы орындайтын жұмыстың санына, сапасы мен күрделігіне байланысты айқындалады, ал қосымша еңбекақы көзделмейді.

Осыған байланысты, осы заңнамалық кесімдерде бұл қарама-қайшылықты жою қажеттілігі туындайды.

Семей полигонының маңындағы аумақтарға барлық елді мекендерде табысы аз азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету және халықты жұмыспен қамту мәселелерін шешу жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2003 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша жұмыссыздық деңгейі республика бойынша 8,8%-ға қарағанда 7,3%, 2004 жылғы екінші тоқсанда - тиісінше 7,0% және 8,3% құрады.

Сонымен қатар, Заңда көзделген әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер халықты оңалту және радиациялық ахуалды жақсарту сияқты өңірдің басты проблемаларын шешуді қамтамасыз етпейтінін атап өту қажет.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты өңір халқының өмір сүруінің сапалы деңгейіне әсер ететін экологиялық, экономикалық және медициналық-әлеуметтік факторларды жақсарту болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделіп отыр:

халықты медициналық оңалту және өңірде аурушаңдықтың деңгейін төмендету;
радиоактивті улануға ұшыраған аумақтарды радиологиялық бағалау және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;
әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;
ССП ғылыми-техникалық әлеуетін әртараптандыру.

Аталған міндеттерді шешу әртүрлі бағыттағы шаралардың кең ауқымын әзірлеуді және іске асыруды көздейді.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу және міндеттерді шешу төрт негізгі бағытта жүзеге асырылады: халықты медициналық оңалту және өңірде аурушаңдықтың деңгейін төмендету; радиоактивті улануға ұшыраған аумақтарды радиологиялық бағалау және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау; әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту; ғылыми-техникалық әлеуетті әртараптандыру.

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі бағдарламаның орындалуы, оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының негізінде жүзеге асырылады.

Іс-шаралардың кешенділігі Семей полигонындағы ядролық сынақтардың салдарларын жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының барлық бағыттары бойынша мақсатты бағытталған және келісілген іс-әрекеттерді қамтамасыз етуге арналған

атқарушы биліктің барлық деңгейлерінің қызметін үйлестіруге және мүмкіншілігін жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау арқылы Бағдарламаны іске асырудың тұрақты мониторингі мен тиімділігін бағалау жүзеге асырылатын болады.

Параграф 1. Халықты медициналық оңалту және өңірде ауруға шалдығу деңгейін азайту

ССП-тің халқын сауықтыру үшін:

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданысына жатқызылатын аумақтарда тұратын халықтың денсаулығының жай-күйі туралы, оның ішінде 1992 жылмен салыстырғанда, кешенді қорытынды дайындау;

ядролық сынақтар мен иондаушы сәулелендірудің көлемді техногендік көздерінің әсеріне ұшыраған халықты мақсатты алдын алу, диагностикалау және диспансерлеу жүйесін құру жөнінде ұсыныстар дайындау;

ядролық сынақтар мен иондаушы сәулелендірудің көлемді техногендік көздерінің әсеріне ұшыраған Қазақстан Республикасы халқының мемлекеттік медициналық автоматтандырылған тіркелімін жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

ядролық қаруды сынақтан өткізу әсеріне ұшыраған халықтың қаны мен тінінің ұлттық банкіні құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Семей өңірінің проблемалары жөніндегі 1999 жылғы Токио халықаралық конференциясының қорытындылары бойынша қабылданған Халықаралық бағдарламаны және БҰҰ-ның "Қазақстандағы Семей өңірінің халқын, экологиясын сауықтыру және оны экономикалық дамыту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық және қызметті үйлестіру" атты бағдарламасын іске асыру шеңберінде халықаралық көмекті жандандыру жөніндегі жұмысты күшейту;

ядролық қондырғыларда жұмыс істейтін халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің ерекшелігін ескере отырып, Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық жабдықпен жаратқандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу көзделеді;

Өңірде онкологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеуді жетілдіру, денсаулық сақтаудың материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінде қосымша шаралар қабылданады.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен бекітілген Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2006 жылы Семей қаласында облыстық онкологиялық диспансердің радиологиялық орталығын салуды

аяқтау көзделген. 2005 жылы Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында онкологиялық диспансердің жанынан Сәуле терапиясы орталығының құрылысын бастау көзделіп отыр. Көрсетілген объектілердің құрылысына 2005-2007 жылдар ішінде республикалық бюджеттен 1625,6 млн.теңге бюджет қаражатын бөлу көзделіп отыр.

Семей өңірінің халқын медициналық оналту жөніндегі қазіргі заманғы жабдықпен жарақтандырылған жаңа объектілерді салумен байланысты:

Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласында облыстық онкологиялық диспансердің пайдалануға енгізілетін радиологиялық орталығын ұтымды пайдалану жөнінде шаралар әзірлеу;

Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласындағы онкологиялық диспансердің жанынан Сәуле терапиясы орталығын салумен байланысты науқастарды емдеудің қазіргі заманғы технологияларын енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

Семей қаласындағы облыстық онкодиспансердің салынып жатқан радиологиялық орталығын жабдықпен жарақтандыруға Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікті (АТЭХАГ) қатыстыру мәселелерін пысықтау көзделіп отыр.

Параграф 2. Радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Семей өңірі үшін жарылыстардан кейінгі құбылыстардың ауқымын бағалау

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонына тексеру жүргізу мен жайластыруды және жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін регламенттейтін нормативтік-техникалық базаны және шаруашылық қызметін жүргізудің мониторингін әзірлеуді;

ядролық және радиациялық қауіпті объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және таратпау режимін қолдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүргізуді;

ядролық қару қызметінің қалдықтарын, радиоактивті және уытты қалдықтарды жою және консервациялау және радиациялық ластанған аумақтарды ремедиациялау (қалпына келтіру) жөнінде іс-шаралар кешенін жүргізуді;

ССП-нің аумағында жарылыстан кейінгі құбылыстардың ауқымын бағалауды және радиациялық жағдайдың дұрыс картасын жасауды;

басқарушылық шешімдер қабылдаудың ақпараттық жүйесін құруды және ССП-нің радиоэкологиясы мәселелері жөнінде халықты ақпараттандыру мен ағарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтитын шараларды іске асыру көзделіп отыр.

Көрсетілген іс-шаралардан басқа, ССП маңындағы аумақтарда атмосфералық ауаны

, су және жер ресурстарын қорғау, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және басқа да міндеттерді шешуді көздейтін экологиялық бағыттағы өңірлік бағдарламалар іске асырылатын болады.

Параграф 3. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және халықты әлеуметтік қорғау

Әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі дамыту мақсатында Бағдарламада бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының маңындағы елді мекендерде денсаулық сақтау, білім беру желілері мен және ауыз сумен жабдықтау объектілерінің жай-күйін талдау к о з д е л е д і .

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру шеңберінде 2005-2007 жылдары 8 мектеп, 1 орталық аудандық және 2 туберкулезге қарсы аурухана салу көзделуде.

Бұдан басқа, осы кезеңде 1 орталық аудандық аурухананың құрылысын бастау к о з д е л у д е .

Осы мақсаттарға үш жылдық кезең ішінде республикалық бюджеттен 3647,4 млн. теңге б ө л у к о з д е л у д е .

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысымен бекітілген 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" бағдарламасы шеңберінде 2005-2007 жылдар аралығында ауыз сумен жабдықтаудың 7 объектісінің құрылысы салынатын, құрылысы аяқталатын немесе қайта жаңартылатын болады. ССП маңындағы елді мекендерді сумен жабдықтауға үш жылда республикалық бюджеттен 1818,6 млн. теңге б ө л у к о з д е л і п о т ы р .

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының маңындағы аумақтарда халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту үшін тұрақты жұмыс орындарын құру және жұмыссыздықты одан әрі азайту жөніндегі жұмысты күшейту көзделуде.

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының маңындағы елді мекендерде тұрып жұмыс істейтін халыққа "қосымша еңбекақы" терминін еңбек туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру бойынша "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу

жөнінде ұсыныстар әзірлеу көзделіп отыр.

Төтенше және ең жоғары радиациялық қауіп аймақтарында тұратын және зейнеткерлікке 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін шыққан азаматтарға зейнетақыларына үстемеақы төлеу жалғастырылатын болады.

Параграф 4. Ғылыми-техникалық әлеуетті әртараптандыру

ССП-ның аумағы мен ғылыми-техникалық әлеуетін одан әрі дамыту мақсатында: қазақстандық ТОҚАМАҚ термоядролық материалтану реакторын құру мен пайдалануды ғылыми-техникалық қамтамасыз етудің бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру;

қазақстандық ТОҚАМАҚ термоядролық материалтану реакторын құру жобасын іске асыру;

ядролық және радиациялық қауіпсіздік мақсатында "Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының базалық зерттеу ядролық реакторларын жаңғырту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

"Байкал-1" зерттеу реакторлары кешенінде радиациялық-қорғау камерасын және ұзақ сақтау пункттерін құру" инвестициялық жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу;

Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық стратегиясы шеңберінде "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданысына жатқызылатын аумақтар экономикасының нақты секторындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру мәселелерін пысықтау;

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданысына жатқызылатын аумақтарда шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру мәселелерін пысықтау көзделіп отыр.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаның іске асырылуы республикалық бюджеттен 4945,2 млн. теңге, оның ішінде 2005 жылы - 1634,3 млн. теңге, 2006 жылы - 2517,97 млн. теңге, 2007 жылы - 792,9 млн. теңге мөлшерінде қаржыландыруды қажет етеді.

Бұл қаражат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарының құрамындағы, сондай-ақ ағымдағы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) енгізілген

объектілерді салуға және қайта жаңартуға бағытталатын болады. Қаражаттың нақты көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру процесі кезінде жыл сайын нақтыланатын болады.

Өңірде әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту мақсатында қолданыстағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар шеңберінде 2005-2007 жылдары білім беру, денсаулық сақтау және ауыз сумен жабдықтау объектілерінің құрылысына республикалық бюджеттен 7091,5 млн. теңге бөлу көзделуде.

О л а р ғ а :

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ;

Денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ;

Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ;
2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы және басқалар ж а т а д ы .

Бұдан басқа Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласын дамыту 2006-2008 жылдарға арналған, қоршаған ортаны қорғау 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламалар шеңберіндегі және бағдарламадан тыс жобаларды (Семей қаласында Ертіс өзені арқылы өтетін көпірдің құрылысы, жылумен қамсыздандыруды жаңарту және басқалары) іске асыруға республикалық бюджеттен 38766,6 млн. теңге бөлу к ө з д е л е д і .

Семей өңірінің мұқтажына халықаралық ұйымдармен донор елдердің қаражатын тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру көзделуде.

Бағдарламаны іске асыру мақсаттарында күш жігер ұлттық органдар мен халықаралық серіктестіктердің синергиясын қамтамасыз етуге бағытталатын болады. Бұл ретте Семей өңірінің проблемалары жөніндегі 1999 жылғы Токио халықаралық конференциясының қорытындылары бойынша қабылданған Халықаралық бағдарламаны іске асыру жөніндегі тәжірибе ескеріліп, әзірлемелер пайдаланылатын болады.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру ССП маңындағы аумақтарда тұратын халықты медициналық оңалтуды жүзеге асыруға, азаматтарға медициналық қызмет көрсету деңгейін арттыруға, әлеуметтік инфрақұрылым объектілері желісінің жай-күйін жақсартуға мүмкіндік береді.

ССП-тің шекарасы қалпына келтіріліп, нақты белгіленетін, оның аумағындағы техникалық алаңдардың радиациялық ластануының үш егжей-тегжейлі картасы жасалатын, ластанған жекелеген учаскелер қалпына келтірілетін болады.

Бұдан басқа, ССП-тің аумағында шаруашылық қызметті жүргізу тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық база және бұл қызмет мониторингінің жүйесі қалыптастырылатын болады.

Бағдарламаны іске асыру ССП-тың ғылыми-техникалық әлеуетін әртараптандыруға ықпал ететін болады. Қазақстандық ТОҚАМАҚ термоядролық материалтану реакторын құруды және пайдалануды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету бағдарламасы қалыптастырылып, іске асырылады және ТОҚАМАҚ-ты құру жобасы іске асатын болады.

8. Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.24. N 448 қаулысымен.

N п/п	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға (іске асыруға) жауаптылар	Орындалу (іске асырылу) мерзімі	Болжалды шығыстар, (млн. тенге)	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1.1	1. Халықты медициналық оңалту және өңірде аурушандықтың деңгейін төмендету "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданысына	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау	ДСМ (жинақтау), Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыста-	2006 жылғы 1-тоқсан	Талап етілмейді	

	<p>жатқызылатын аумақтарда тұратын халықтың денсаулығының жайкүйі туралы, оның ішінде 1992 жылмен салыстырғанда, кешенді қорытынды дайындау</p>	<p>министрлігіне ақпарат</p>	<p>рының әкімдері</p>			
1.2	<p>Ядролық сынақтар мен иондаушы сәулеленудің көлемді техногендік көздерінің ықпалына ұшыраған халықты мақсатты алдыналу, диагностикалау және диспансерлеу жүйесін құру жөнінде ұсыныстар дайындау</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар</p>	<p>ДСМ</p>	<p>2006 жылғы 1-тоқсан</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
	<p>Ядролық сынақтар мен иондаушы сәулеленудің көлемді</p>					

1.3	техно-гендік көзде-рінің ықпалына ұшыраған Қазақ-стан Республикасы халқы-ның мемле-кеттік меди-циналық авто-маттан-дырылған тірке-лімін жасау жөнін-дегі жұмыс-тарды жал-ғастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ДСМ	2006 жылғы 1-тоқсан	Талап етіл-мейді	
1.4	Ядролық қару сынақ-тарының әсеріне ұшыраған халықтың қаны мен тінінің Ұлттық банкін құру жөнінде ұсы-ныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ДСМ (жинақ-тау), ЭМРМ	2007 жылғы 2-тоқсан	Талап етіл-мейді	
	Семей өңірі-нің пробле-малары жөнін-дегі 1999 жылғы Токио халы-қаралық конфе-ренция-сының қоры-тынды-лары					

1.5	<p>бойынша қабылданған Халықаралық бағдарламаны және "Қазақстанның Семей өңірінің тұрғындарын, экологиясын сауықтыру және оны экономикалық дамыту мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық және қызметті үйлестіру" атты БҰҰ-ның бағдарламасын іске асыру шеңберінде халықаралық көмекті тарту жөнінде жұмысты күшейту</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	<p>С І М (жинақтау), ДСМ, ЭМРМ, Қоршаған-ортамині</p>	<p>Жыл сайын 20 қаңтар</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
	<p>Семей қаласында пайдалануға енгізілетін облыстық онкологиялық диспанс</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және</p>	<p>Д С М (жинақтау),</p>			

1.6	сердің Радио- логиялық орта- лығын ұтымды пайда- лану жөнінде шаралар әзірлеу	бюджеттік жоспарлау министр- лігіне ақпарат	Шығыс Қазақстан облысының әкімі	2006 жылғы 20 шілде	Талап етіл- мейді	
1.7	Шығыс Қазақ- стан облы- сының Өскемен қала- сындағы онко- логиялық диспан- сердің жанынан Сәуле тера- пиясы орта- лығын салумен байла- нысты науқас- тарды емдеу- дің қазіргі заманғы техно- логия- ларын енгізу жөнінде іс- шаралар жоспа- ры н әзірлеу	Қазақстан Республи- касы Экономика және бюджеттік жоспарлау министр- лігіне ақпарат	ДСМ (жинақ- тау), Шығыс Қазақстан облысының әкімі	2007 жылғы 20 шілде	Талап етіл- мейді	
	Ядролық қондыр- ғыларда жұмыс істейтін халыққа медици- налық қызмет көрсетудің ерекше- лігін					

1.8	ескере отырып , Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласына денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық жабдықпен жарақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ДСМ (жинақтау), ЭМРМ, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарының әкімдері	2005 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	
1.9	Семей қаласындағы облыстық онко-диспансердің салынып жатқан радиологиялық орталығын жабдықыпен қамтамасыз етуге Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікті (АТЭХАГ) қатыстыру мәселелерін пысықтау	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат	ЭМРМ (жинақтау), ДСМ, Шығыс Қазақстан облысының әкімі	2006 жылғы 20 қаңтар	Талап етілмейді	
2. Радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және						

Семей өңірі үшін
жарылыстардан
кейінгі
құбылыстардың
ауқымын бағалау

2.1	<p>Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонына тексеру жүргізу және шекараларын жайластыру және жұмыстардың қауіпсіз жүргізулуін регламенттейтін нормативтік-техникалық базаны және шаруашылық қызметін жүргізу мониторингін әзірлеу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	ЭМРМ	<p>Жыл сайын 20 қаңтар</p>	<p>2005 жыл - 80,0 2006 жыл - 80,0 2007 жыл - 60,0</p>	<p>Республикалық бюджет</p>
2.2	<p>Ядролық және радиациялық қауіпті объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және таратпау режимін қолдау жөнінде іс-шаралар жүргізу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	ЭМРМ	<p>Жыл сайын 20 қаңтар</p>	<p>2005 жыл - 40,0 2006 жыл - 40,0 2007 жыл - 40,0</p>	<p>Республикалық бюджет</p>

2.3	<p>Ядролық қару қызметінің қалдықтарын, радиоактивті және уытты қалдықтарды жою және консервациялау және ластанған аумақтарды ремедиациялау (қалпына келтіру) жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	ЭМРМ	Жыл сайын 20 қаңтар	<p>2005 жыл - 90,0 2006 жыл - 90,0 2007 жыл - 35,0</p>	Республикалық бюджет
2.4	<p>Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының аумағында жарылыстан кейінгі құбылыстардың ауқымын бағалау және радиациялық жағдайдың дұрыс картасын жасау</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	ЭМРМ	Жыл сайын 20 қаңтар	<p>2005 жыл - 50,0 2006 жыл - 50,0 2007 жыл - 50,0</p>	Республикалық бюджет
	Басқарушылық шешімдер қабылдаудың					

2.5	<p>ақпараттық жүйесін жасау және бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының радиоэкологиясы мәселелері бойынша халықты ақпараттандыру және ағарту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	ЭМРМ	Жыл сайын 20 қаңтар	<p>2005 жыл - 15,0 2006 жыл - 15,0 2007 жыл - 15,0</p>	Республикалық бюджет
<p>3. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және халықты әлеуметтік қорғау</p>						
3.1	<p>Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының маңындағы елді мекендерде денсаулық сақтау желісінің жайкүйін талдау және оны одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылдау</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	<p>ДСМ (жинақтау), АШМ, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарының әкімдері</p>	2006 жылғы 20 шілде	<p>Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде</p>	

3.2	<p>Бұрынғы Семей ядролық сынақ</p> <p>полигонының маңындағы елді мекендерде білім беру желісінің жайкүйін талдау және одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылдау</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	<p>Б Ғ М (жинақтау), АШМ, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарының әкімдері</p>	<p>2006 жылғы 20 шілде</p>	<p>Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде</p>	
3.3	<p>Бұрынғы Семей ядролық сынақ</p> <p>полигонының маңындағы елді мекендерде ауыз сумен жабдықтау объектілері желісінің жайкүйін талдау және одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылдау</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	<p>А Ш М (жинақтау), Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарының әкімдері</p>	<p>2006 жылғы 20 шілде</p>	<p>Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын және 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде</p>	
	<p>"Қосымша еңбек-ақы" терминін Қазақстан</p>					

3.4	<p>Республикасының еңбек туралы заңнамасына келтіруді көздейтін "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар</p>	<p>Еңбекмині</p>	<p>2005 жылғы 4-тоқсан</p>	<p>Талап етілмейді</p>	
3.5	<p>Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының маңындағы аумақтарда тұрақты жұмыс орындарын құру және жұмыссыздықты одан әрі азайту жөнін-</p>	<p>Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат</p>	<p>Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарының әкімдері</p>	<p>Жыл сайын 20 қаңтар</p>		

	дегі жұмысты күшейту				Талап етілмейді	
4 . Ғылыми-техникалық әлеуетті өртаратпандыру						
4.1	Тоқамақ қазақ-стандық термо-ядролық материалтану реакторын (КТМ) құруды және пайдалануды ғылыми-техникалық қамтамасыз етудің бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру	Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы	ЭМРМ (жинақтау), БҒМ	2005 жылғы 4-тоқсан	2005 жыл - 70,0 2006 жыл - 70,0 2007 жыл - 80,0	Республикалық бюджет
4.2	Тоқамақ қазақ-стандық термо-ядролық материалтану реакторын (КТМ) құру жобасын іске асыру	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат	ЭМРМ	2007 жылғы 20 қаңтар	2005 жыл - 992,3 2006 жыл - 508,1	Республикалық бюджет
	Ядролық және радиациялық қауіпсіздік мақсатында "Қазақстан Республикасы-					

4.3	ның ұлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының базалық зерттеу ядролық реакторларын жаңғырту жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ЭМРМ	2005 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	
4.4	"Байкал-1" зерттеу реакторларының кешенінде радиациялық қорғау камерасын және ұзақ сақтау пунктін құру" инвестициялық жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат	ЭМРМ	2005 жылғы 20 қаңтар	2005 жыл -24,0	Республикалық бюджет

4.5	Курчатов қала-сында "Ядролық технологиялар паркі"	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат	ЭМРМ	2007 жылғы 20 шілде	2006 жыл - 3810,0 2007 жыл - 1580,0
-----	---	---	------	---------------------	--

						ликалық бюджет
4.6	<p>"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақ - тардың салдарынан зардап шеккен азамат - тарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолданысына жатқызылатын аумақтарда шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру мәселелерін пысықтау</p>	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ (келісім бойынша)	2006 жылғы 20 шілде	Талап етілмейді	
	<p>Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясының шеңберінде бұрынғы Семей ядролық сынақ</p>	Қазақстан Республикасы	ИСМ (жинақтау), "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ (келісім бойынша), "Қазақстанның инвестициялық қоры			

4.7	полиго- нының маңын- дағы аумақтар эконо- мика- сының нақты секторын дамытуға бағыт- талған инвес- тициялық жоба- ларды қаржы- ландыру мәселе- лерін пысықтау	Эко- номика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ақпарат	инвести- циялық компаниясы" АҚ (келісім бойынша), "Ұлттық иннова- циялық кор" АҚ (келісім бойынша), Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыс- тарының әкімдері	2006 жылғы 2-тоқсан	Талап етіл- мейді	
-----	---	---	--	---------------------------	-------------------------	--

АШМ - Ауыл шаруашылығы министрлігі

ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі

Еңбекмині - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

БҒМ - Білім және ғылым министрлігі

ЭМРМ - Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

СІМ - Сыртқы істер министрлігі

ИСМ - Индустрия және сауда министрлігі

ЭБЖМ - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

АҚ - Акционерлік қоғам